

01.01.2025 ж № C00067

БАЙЖУМАНОВА САМАЛ МАМЫТКАНОВНА
Алматы облысы Іле ауданы «№2 орта мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби
дамуындағы психологиялық аспектілері

Қазіргі таңда психология ғылымының өзекті де, өткір мәселелерінің бірі оқушылардың білім сапасын арттыру, оқыту мәселесін жақсату болып отыр. Соған байланысты оқушылардың білім бағасына және сол білімді бақылау жүйесі жайлы құжат «Жалпы білім және кәсіптік бағдар беретін мектеп реформасының негізгі бағыттарында» бұл мәселеге жоғары мән берілуде. Қазақстан Республикасының білім туралы заңында білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбие берудің үздіксіз процесі деп көрсетілген [1, 101б].

Ж. Ы. Намазбаева өз еңбегінде: «Қоршаған адамдардың берген бағасын оқушының дұрыс қабылдауы – оның білімділігін көтереді, ал баланың өзіне-өзі талап қойып сынмен қарау қабілеттілігі оның ақыл-ой дамуы жағынан жетілуіне жағдай туғызады. Оқушы өзінің барлық мүмкіндіктерін бөліп алып, өзіне шек қоя білсе, осының барлығы жеке тұлға болуына игі әсер тигізеді, » – дейді. [2, 21б]. Көрнекті ғалымдар Ж.Б.Қоянбаев, Р.М. Қоянбаевтардың «Педагогика» атты еңбегінде былай деп көрсетілген: «Мұғалім оқушының білімді, іскерлікті, дағдыны игеру сапасын тексеріп қана қоймайды, ол оқушылардың ойлау тәсіліне, практикалық жұмысқа үйретеді және білімдегі кемшілікті жоюдың жолдарын іздестіреді». Оқушылардың білімін бағалау үшін мынандай жағдайларды ескеру қажет: Оқушы білімінің жақсы жақтарын және кемшіліктерін дәлелдеу;

ә) Баға әділетті болуы қажет, оқушының бағасын әдейі төмендетуге, оған өте жеңіл-желпі қарауға және ымырашылдыққа салынуға болмайды;

б) Әр бір баға – бұл тек қана білімді есепке алу емес, ол шын тәрбиелік құрал. Сондықтан оқушы білімін бағалауда немқұрайлыққа салынуға болмайды;

в) Оқушының кейбір теріс қылықтары үшін бағаны жазалау құралы ретінде қарастыруға болмайды;

г) Оқушылар білімін тексеруді және бағалауды сабақтардың әрбір кезеңдерінде іске асыру керекте әрі міндетте [3, 1506].

Білім саласының критерилері мен бағалау әдісіне қатысты қарым-қатынас жүйесін жасау Ресейлік психологиялық диагностика принциптеріне сәйкес жүргізіледі. Л.В.Занков «Түрлі дидактикалық күй бойынша жұмыс істейтін бастауыш сынып мұғалімдерінің психологиялық ерекшеліктері» мақаласында қалыптасқан оқыту жүйесі кіші бастауыш кезеңін оқушының жеке тұлғасының дамуындағы мейлінше жемісті, табысты кезең деп қарайды. Баға, Л.В. Занков жүйесінде қолданылған күнде де бір белгі немесе оқыту нәтижесін сырттай безендіру құралы ретінде болады. Мұғалім өз жұмысының табыстылығын үлгерімнің жалаң көрсеткіші бойынша емес, оқушылардың дамуындағы алға жылжушылыққа қарап бағалап, қорытады. Баға – оқу әрекетінің маңызды бөлімі және оқушылардың танымдық іс-әрекетін арттыру құралы да болады. Кез-келген адам өз өмірінде заттар мен құбылыстарға, өзге адамдарға, олардың қылықтарына, жағдайлар мен саяси оқиғаларға баға беріп отырады. Әйгілі психолог Ш.А. Амонашвили, педагог Ю.К. Бабанскийлердің пікірінше, педагогика бағаны оқушының білім көлемі мен тәртібіне қойылатын тұрақты өлшем деп түсінеді. Баға туралы психологиядағы мынандай жағдайларды анықтайды. Біріншіден, психикалық дамуды басқару механизімі және адамның өзін-өзі басқарумен бірге бейнелеудің түрлері мен әдістері теориялық тұрғыдан нендей екендігі анықталады; Екіншіден, баға шәкірттердің арнаулы пәндерді меңгеру дәрежесіне сәйкес қойылады; Үшіншіден, бағалау техникасын оқып-үйрену кезінде тәжірибелік міндеттерді қалай алу мәселесі іздестіріліп, оның мән-жайы анықталады; Төртіншіден, психология ғылымының өзіндік әдістемелік сұрақтарына жауап беруде айтарлықтай кедергілерге ұшырайды. Баға – ауызекі сөйлеу ретінде және ғылыми сөздік ретінде көптеген мазмұнға ие, яғни, мазмұнның өзінде көптеген ерекшеліктері бар. Сөйлеу мен сөз әдетте екі жақты қызмет атқарады:

1. Бағаны әрекет әрі процесс ретінде қарау;
2. Осы процестің нәтижесін шартты түрде бейнелеп, тиісті деңгеймен бағалау [4, 806]. Зерттеуші Н.А.Батуриннің айтуынша, бағалау негізінен формалды-логикалық нәтиже. Жүйелі бағалау жайындағы психологиялық талдау қазіргі таңдағы жаңашыл психолог-ғалым С.М.Жақыповтың зерттеуінше, оқытушының танымдық іс-әрекеттерінің бірлескен жағдайында ғана жүзеге асады.

Б. Г. Ананьев өзінің «педагогикалық бағаның психологиясы» атты монографиясында мынандай мәселелерді қозғайды.

Баланың психикалық процестерінің дамуында әсіресе ақыл-ой тек қана оқыту әдіс-тәсілдерінің көмегімен дамып қоймайды, сонымен бірге, баға арқылы да оқушының танымдық процестерін басқаруға болады. Б.Г.

Ананьев бағаның рөлін төмендегідей қарайды:

а) Бағыт берушілік рөл, яғни оқушылардың ақыл-ой дамуына, білімді меңгеруіне көмектесетін реттегі қызметі;

ә) Ынталандырушы рөл, яғни баланың табысқа жету жетпеуіне байланысты аффекті – еріктік сапаларының жетілуіне әсер ететін қызметі. Бағаның тікелей әсерінен біз, ақыл-ой жұмысы қарқынының тоқталуы немесе шапшаң өсуін, сапалы өзгерістерге (яғни жұмыс тәсілінің өзгеруін, апперациялық құрылыстағы өзгерісті, ақыл-ой механизмдерінің қайта құрылуына) ие боламыз [8, 301].

Психологиялық мәні жағынан, педагогикалық бағаның тәрбиелік функциясының маңыздылығын және өзектілігін байқауға болады. Міне, осы әсерлерге байланысты біздер жұмыс тәсілін өзгерте аламыз, ақыл-ой механизмдерін қайта жаңғырту жағынан мән бере аламыз. Педагогикалық бағаның психологиялық маңыздылық идеясын ертеде 1921 жылы ағылшын психологы Джеймс былай деген болатын: «Оқушылардың өздерінің әрекеттерінің соңғы нәтижелерін білуі керек және өз мүмкіндіктерін білуі олардың әрі қарай психологиялық дамуының алғы шарттары болады».

Американ психологы Герлок бағаның оқу әрекетінің нәтижесінің әсеріне байланысты жасалған тәжірибесінде 106 баламен Куртис тестін жүргізген, топтағы балалар әрекетіне баға берген, тек соңғы топқа ғана баға бермеген, сол бағалау жүргізілмеген топта ең төменгі, нашар көрсеткіш болған. Осыдан шығатын қорытынды: бағалаудың болмауы көптеген теріс жағдайларға әкеліп соғады. Мысалы: әрекетке бағыт берудің орнына баланы жаңылдырады, ынталандырудың орнына объектіні депрессияға ұшыратады, субъективті түрде ымдау білдіруге жетелейді [5, 1086].

Баланың әсері өзіндік, даралық ерекшеліктерге ие болады және біздің алдағы типологиялық зерттеу заты бола отырып, бағаның сабақта дифференциалды, жоспарлы сипатта мұғалімнің тәрбиелік жұмысында пайдалануына қажеттілігін көрсетеді. «Оқу әрекетін бағалау», «жұмысты талқылау», «оқушылардың әдеті, ұқыптылығы», жалпы мектеп бағасы төңірегінде пікірталастар 1850 жылдан бастап педагогикалық журналдар бетінде көптеп жарияланып келеді. Оқыту нәтижелерін сапалы бағалау мүмкіндіктерін көптеген шетелдік зерттеушілер Б.С. Блумның «Оқыту

мақсатының таксономиясын» қолданумен байланыстырады. Б.С. Блум оқыту мақсаттарының таксономиясының танымдық, эмоционалды, психомоторлық салаларын ерекше бөліп көрсетеді. Танымдық салада келесі категориялар жүйесі ерекше бөлінген:

а) Білім;

б) Интеллектуалды шеберліктер (түсіну, ауысу, қолдану, талдау, біріктіру, баға).

Тиімді дамыту бағалауының барысында баланың жалпы дамуын бағалау арқылы емес, ең алдымен бағалаудың негізі – оқу әрекеті арқылы жүзеге асыратындығын үнемі есте сақтау керек. Ал, бағалау жоқ жерде түзету мен толықтырулар енгізілмегендіктен, оқыту ісі тұңғыыққа тірелері сөзсіз. Қорыта келе жоғарыда айтылғандарды бір сөзбен топшалағанда, дамыту бағалауының түрлерін қысқа түрде мектеп мұғалімдері үшін екі нұсқаушы құрал ретінде беруге болады:

1. Мектеп тәжірибесінде үстемдік құралы ретіндегі жеке тек оқушының оқу әрекетінің нәтижесі болатын бағалаудан аулақ болуы керек. Мұғалім бағасы оқушылардың өзін-өзі бақылауын ауыстыра алмайды.

2. Бағалаудың тиімді жүзеге асуы үшін мұғалімнің оқушы тапқан түзету, әдіс-тәсілдеріне дұрыс қарым-қатынасының болуы шарт. Оқушылардың түрлі, соның ішінде жеке, өзіндік оқу міндеттерін шешуге талаптары, ұжымдық салыстыруларының пайда болуы, өзара талқылау міне мұның барлығы оқу - танымдық мотивтерінің қалыптасуына әкеліп соғатынын есте сақтау керек.

Ал, бұл жағдайдың барлығы сөзсіз, мұғалімнен терең кәсіптік дайындықты, шеберлікті, табандылықты, аса терең қабілеттілікті қажет етеді.

Ы.Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйтті мықтап шегелейді: «Мұғалім кіммен істес болып отырғанын ешуақытта ұмытпауы тиіс. Егерде, балалар бір нәрсені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауы тиіс. Балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі және шыдамдылық танытқаны абзал, екі ұшты, астарлы сөз, орынсыз терминдерді қолданбағаны жөн болады», – деп мұғалімнің тәлімгерлік жұмысына үлкен сын айтады [6, 88б].

Зерттеу пәні «баға» болғандықтан, бағамен тек білім тексеріп, сұрау кезінде және жауап алғанда ғана кездестіретінміз рас. Оқушылардың сабақ сұрау кезіндегі ақыл -ой жұмысының сипаты өзіндік эмоционалды және еріктік формадағы синтезі болып есептеледі. Психология ғылымының көзқарасы бойынша, әрекетті анықтайтын, әрекетті тудыратын алғашқы шарттардың бірі – ол бағалау болып табылады. Э.Л.Торндайктың шешімі көпке мәлім: яғни ұзындығы 3 см. сызық жүргізу үшін, оны үнемі өлшеп отырмаса оны сызу мүмкін емес. Адам әрекеті бағалаумен бірізді болып

отырады, ал, әрекеттің болуы тек бағалаумен байланысты. Бұл дұрыс, орынды яғни бағалау терең меңгерілген, өте таныс әрекеттер кезінде ғана ескерілмеуі мүмкін. Бағалау кезінде басты екі нәрсеге көңіл бөлуі керек:

1. Білімі жөніндегі нәтижелерді жинақтау.

2. Олардың психологиялық мазмұнын анықтау.

Білім жөніндегі нәтижелерді жинақтағанда, біздер педагогтар, мейлінше әділ, нақты, дұрыс шешімде болуымыз керек, ал психологиялық мазмұнын талдағанда алған нәтижелерді талдап -біріктіріп, белгілі бір дұрыс қорытындыға келуіміз керек. Ал, психологтар бірауыздан бағаның жеке адамның жалпы дамуына кері әсер ететін факторларын айтады.

Б.Г.Ананьев, В.А.Сухомлинский, Л.В.Занков, А.И.Липкина, Ш.А.Амонашвили, Д.Б.Эльконин бұл мәселелер бойынша көп жұмыс жасаған. А.В.Захарова бағалауды іс-әрекеттің бір бөлігі деп санайды және оқушылардың өзін – өзі бағалауына маңызды орын береді.

Ференц Ленард және оның қызметкерлері «вариациалық оқыту» – деп аталатын тәжірибесінде оқыту-дамыту кезеңдерін шектеді (білім игеру, қайталау, ол білімді қолдану т.б.) және оқу әрекетіндегі біліктілік кезеңін анықтады. Бұл кезеңдерді түрлі мазмұндағы бағалау қолданылды. Бірінші кезеңде оқушылар өзін-өзі бақылау негізінде өз әрекеттерін ұпай арқылы бағалады. Өзіне-өзі баға беру арқылы мұғаліммен кері байланыс қамтамасыз етілді. Екінші кезеңде мұғалім оқушы жұмысын: бес балдық бағалау жүйесінің көмегімен бағалады. Өзінің оқыту тәжірибесі арқылы Ф. Ленард оқу әрекет жүйесін қолдана отырып, бүкіл кезеңдерде бағалауды қолданып отырды. Вариациалық оқытуда оқу әрекетінің үш бөлігі де оқу міндеті, оқу әрекеті және мұғалім бағасы мен өзін -өзі бақылау, жаңадан бір – бірімен органикалық байланыста жүзеге асты. Мектеп оқушыларының оқу әрекеті динамикасының, оқу үлгерімі дәрежесінің айытқуын талдады. Ол бес балдық бағалау жүйесінің нашар және жақсы оқитын оқушыларда ауытқу туғызбайтынын дәлелдеді. Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В.В.Давыдов зерттеулері дамыта отырып, оқыту қағидаларын ұстанады. Қазақстандық психологтар С.М. Жақыпов, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Б. Жарықбаев, Х.Т. Шерьяздановала еңбектері де осы оқыту процесінде басшылыққа алатын пікірлерді алға тартқан.

Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеулерге сүйенсек, бастауыш мектеп оқушыларының үлгерімдері мен оқу қабілеттері жөніндегі ұғымдар арасындағы байланыс өзара әсер ету сипатында болады. Оқудағы табыстар өзіне-өзі баға беруді жеткізеді, ал, өзін-өзі бағалау өз кезегінде күту, талпыныс деңгейі, стандарт, мотивация, өз күшіне сену

механизмдері арқылы оқу табыстылық деңгейіне әсер етеді. Өзіне-өзі баға берудің төмендеуі оқушының өз күшіне сенімсіздігін білдіреді, ал нашар үлгерім өзіне-өзі баға беруді төмендетеді. Жалпы, білім беру жүйесіндегі бүгінгі күнгі бағалау (бес балдық жүйе) өз қызметін толық атқарып болған секілді. Жан-жақты ақпараттанған, техникалық құрал жабдықтың тетігін білген икемді және белсенді өсіп келе жатқан кез-келген баланы бүгінгі бағалау дәрежесі қанғаттандырмайды. Бағалау – баланың психикалық дамуымен тығыз байланыста жүретіні рас. Сондықтан, бүгінгі күннің жеткіншектің талабына қазіргі заманға сай жаңа технологиямен қамтамасыз етуді қажет ететін тың идеяларға негізделген бағалау жүйесі өте қажет болып отыр [8,117б].

Бағалау ісі баланың психологиялық дамуына тікелей әсер етуші фактор. Білімді, іскерлікті және дағдыны тексеру және бағалау танымдық іс-әрекет кезеңдерінің бірі болады. Бұл жердегі негізгі мақсат – оқушылардың оқу жұмысын бақылау, олардың үлгерімін және оқудың кері байланысын есепке алу. Өйткені, оқушының оқу жетістіктері оның тек алған білімдерінің сапасымен өлшенбейді, басты рөлде оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту және алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу екендігі сөзсіз аян.

Пайдаланған

әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Ізденіс. – 1992. №5. – 64б
2. Намазбаева Ж.И. Развитие личности умственно отсталых школьников. – Алматы:
3. Мектеп, 1976. -51с
4. Ж.Б. Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтардың Педагогика. – Алматы, - 2002. – 382б
5. Занков Л.В. Психологические особенности учителей начальных классов работающих по различным дидактическим системам // Психологическая наука и образование. 2002. - №1. – 79 с
6. Захарова А.В. Развитие контроля и оценки в процессе формирования учебной деятельности школьников. – М.: Педагогика, 1982, - 113с
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1955. – Т.1. – 68б
8. Перовский Е.И. Проверка знаний учащихся в средней школе – М.: АПН РСФСР, 1960. 510с Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. – М.: Просвещение, 1982. – 193с

01.03.2025 ж № C00068

НАУРЫЗБАЕВА ЗАМИРА МАРАТҚЫЗЫ
Түркістан облысы Созақ ауданы Тасты ауылы
«Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Педагог-психолог

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ

Педагогика саласы ең көне салалардың бірі және қоғамның пайда болуымен бастау алады. Қоғамның өндірістік, рухани-әлеуметтік жағын дамытып, тәжірибені ұрпаққа берудің арқасында ғана әлеуметтік прогресс туралы айту мүмкін болды.

Педагог- психологтың білім беру жүйесіндегі қызметі қазіргі уақытта жаңа үлгідегі білім беру ортасында оның сапасын арттыру қажеттілігімен айқындалатын елеулі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметке деген елеулі сұраныс, ең алдымен, қазіргі білім беру стандарттарында және «Білім туралы» Заңда көрсетілген өскелең ұрпақтың интеллектуалдық және тұлғалық әлеуетін дамытуға көңіл бөлумен байланысты.

Бүгінгі таңда білім берудегі психолог жұмысының маңыздылығы артып келеді, ол қазіргі қоғам жағдайында тұлғаның дамуы мен студенттердің әлеуметтенуін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін шешумен байланысты. Балалардың психологиялық денсаулығын нығайтуға байланысты өзекті мәселелерді шешу үшін білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті одан әрі дамыту қажеттілігі артуда.

Осыған сәйкес психологтың біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар артып келеді, бұл кәсіби стандартқа сәйкес еңбек функцияларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагог-психологтың кәсіби стандартын енгізудің маңызды кезеңі педагог-психологтарды кәсіби аттестациялаудың бірыңғай жүйесін жасау болып табылады.

Педагог- психологтың білім беру жүйесіндегі қызметі негізінен білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие, тәрбиелік және басқару жұмысын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етумен байланысты, бұл оның білім берудің барлық субъектілеріне: оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға, әкімшілікке бағытталғанын білдіреді.

Бұл ретте педагог-психолог жұмысының негізгі бағыты оқушылардың әртүрлі жас кезеңдеріндегі психикалық дамуы мен әлеуметтенуіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, сондай-ақ жас ұрпақтың психологиялық саулығын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл оқушылардың әртүрлі категорияларының қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеретін, оқу-тәрбие процесінің барлық субъектілерінің психологиялық мәдениетін қалыптастыратын психологиялық қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құруды қамтамасыз ететін мектептің психологиялық қызметі.

Дәстүр бойынша педагог-психолог қызметінде психологиялық (психологиялық-педагогикалық) диагностика, психологиялық кеңес беру, психологиялық түзету және дамыту, психологиялық ағарту, психологиялық алдын алу сияқты негізгі бағыттар анықталады. Сонымен қатар психологиялық профилактика психикалық дамудағы, тұлғаны қалыптастырудағы, әлеуметтенудегі ауытқулардың алдын алуға және түзетуге, психологиялық денсаулық бұзылыстарын сақтауға және нығайтуға бағытталған шаралар жүйесі ретінде психолог қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Психологиялық диагностика, кеңес беру, білім беру осы мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Алайда, білім берудегі психологияға және педагог-психологтың іс-әрекетіне арналған көптеген зерттеулерге қарамастан, оның жұмысының мазмұны, түрлері мен формалары туралы жалпы түсінік жоқ.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың қызмет саласының шеңбері әлдеқайда күрделеніп, кеңейіп келеді. Білім берудің жаңа моделіне көшу жағдайында дәстүрлі бағыттарға сараптамалық-талдау, әдістемелік, жобалау қызметі қосылды. Білім беру мекемесіндегі психолог әдіскер, сарапшы, зерттеуші рөлін жүзеге асырады.

Сонымен, қазіргі педагог-психолог жұмысының күрделенуі мен қарқындауы іс-әрекеттің салалары мен жүзеге асырылатын үлгілерін саралауға әкелсе, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз ету, сараптамалық-конструкторлық қызмет саласында психолог жұмысының бағыттарын айқындап отыр.

Осыған байланысты педагог-психологтың білім берудегі іс-әрекетін нақтырақ анықтау және шектеу қажет. Сонымен қатар, педагог-психолог жұмысының жетекші мақсатына сәйкес, барлық білім беру субъектілерінің, әсіресе студенттердің психологиялық саулығын қамтамасыз етумен байланысты, психопрофилактика жетекші қызмет саласы болып табылады.

Педагог психологтардың көпшілігі мәлімдейтін кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындықтың жоғары деңгейі оларды кәсіби өзін-өзі дамытуға тиісті қосылуды қамтамасыз етпейді. Шын мәнінде, олардың кәсіби өзін-өзі дамытуы бастапқы деңгейде қалады және оны жүзеге асыру үшін қарапайым нысандарды қолдана отырып жүзеге асырылады. Педагог-психологтардың кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындығын жеткіліксіз іске асырудың және өзін-өзі дамытудың неғұрлым күрделі нысандарын сирек пайдаланудың себептерінің бірі оларда кәсіби өзін-өзі дамытуға уәжді қалыптастыруға кедергі келтіретін психологиялық кедергілердің болуы болып табылады. Белгіленген психологиялық кедергілерді жеңуге ықпал ететін педагог-психологтың кәсіби өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық шарттары: кәсіби бағалауды, клиентті бағалауды және өзін-өзі бағалауды қамтитын педагог-психологтың кәсіби қызметін бағалау; әрбір бағалаудың артықшылықтары мен даму әлеуетін пайдалануды, кәсіптік білім, қабілет пен дағдыны жан-жақты талдауды қамтамасыз етеді.

Ұйымда ұйымдық психологиялық жағдайларды дамытудың кең жүйесін әзірлеу және негіздеу идеясы үмітті болып көрінеді, оның ішінде: бағалау және кері байланыс жүйесі, біліктілікті арттыру және тәлімгерлік жүйесі, өзін-өзі дамытуды ынталандыру және ынталандыру жүйесі. Сондай-ақ педагог-психологтың кәсіби өзін-өзі дамытуға үнемі қатысуын қамтамасыз ету үшін педагог-психологтың жеке кәсіби мақсаттары мен оның кәсіби біліктілігіне қойылатын сыртқы талаптар деңгейінің оңтайлы арақатынасын анықтау мәселесі де маңызды.

Қорытындылай келе, адамға өз мамандығы қуаныш пен қанағат әкелу үшін маманның үнемі жеке және кәсіби дамуы маңызды дегім келеді. Ал ол үшін білім мен біліктілікті арттыру жүйелі және үздіксіз болуы керек. Үздіксіз оқу- өмір салты болуы қажет. Педагог-психолог жаңа білім мен технологияны меңгеруге ұмтылып, оларды бірден жұмысқа енгізіп отыруы керек.

01.03.2025 ж № C00069

ТҮРБЕК ЗАКИРА БЕРДІБЕКҚЫЗЫ
Түркістан облысы Созақ ауданы Тасты ауылы
«Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Тәуелсіз еліміздің әр азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым – қатынас жасауы керек.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой – өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Президентіміз айтқандай, Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамын.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез – келген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді. Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»

(М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез – келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарында қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек – сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп – саралап оқыту т.б. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой – өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс – тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс – тәсілдерді, мән – мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық. Сондықтан оқытушы үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс.

01.01.2025 ж ж № C00070

ОСПАНОВА НАЗИГУЛЬ АБДИМУКАЕВНА

**Жетісу облысы Панфилов ауданы
«Үлкеншыған орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі**

**Бастауыш сыныпта топтық жұмысты
ұйымдастыру ерекшеліктері**

Еліміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыртын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Білім беру парадигмасының ауысуы, оның тұжырымдамалық негіздерін қайта бағалау, білім беру мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын қайта пайымдау жалпы білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болуда.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі мақсаты оқытудың нәтижеге бағдарлануы, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерін тұлға аралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалімнен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы жаңалық ашуы, шығармашылық тапсырманы орындау кезінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек. Осы өлшемдер білім беру процесінің негізгі белгісі болып табылады.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер саласында, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мектептің алдында бала тұлғасын жан-жақты дамыту, баланы жоғары сапалы деңгейде тәрбиелеу міндеттерін қояды. Бұл міндеттерді шешу жаңартылған білім мазмұны арқылы жүзеге аспақ.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады.

Қазіргі мектептің басты мақсаты- әр оқушының қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім, дағдылар мен қасиеттерді дамыту. Дәстүрлі репродуктивті оқыту бұл міндеттерді шеше алмайды. Оларды шешу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары мен белсенді әдістері қажет.

Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушыны ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Соның бірі топтық жұмыстар болып табылады. Топтық жұмыс дидактикалық принципті жүзеге асырудың маңызды элементі болып табылады.

Педагог-ғалым В.Сластенин «топ – бұл ортақ мақсатқа жету үшін құрылған адамдар тобы. «Топтық жұмыс» термині — өзара іс-әрекет жасалып, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің құрылымы-деп тұжырымдаған болатын.

Топтық жұмыстар туралы көптеген зерттеулер жүргізілді. Психологтардың пайымдауынша, топтық жұмыстар тұлғаның коммуникациялық қатынасқа түсуіне әрекет ететін педагогикалық процестің ксмпоненті, онда субъект-субъектілік даму жүзеге асады. Ал педагогтардың тұжырымдамасы бойынша, мақсатқа бағытталған оқушылар мен педагогтың арасындағы бірлескен іс-әрекет.

Теорияларды тұжырымдайтын болсақ, топтық жұмыс – мұғалімдер оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын оятатын жаңа әдістердің бірі болып табылады. Сыныпта топтық жұмысты қолдану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Ынтымақтастық әрекет арқылы оқушылардың қызығушылығы мен қарым-қатынастары дамиды.

Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында төмендегі белгілер қалыптасады:

Әр топ мүшелері қажетті білімдерін қалыптастырады.

Әр оқушының дара(дербес) жауапкершілігі;

Әрбір оқушының жетістікке жетуге теңдей мүмкіндіктері бар;

Топта ынтымақтастық жағдайдың орын алуы

Топтық жұмыс сипатына байланысты екіге бөлінеді. Бірыңғай топтық жұмыс және сараланған топтық жұмыс. Бірыңғай топтық жұмыс барысында барлық топ бірдей тапсырма орындайды, ал сараланған топтық жұмыс барысында берілген тақырып шеңберінде әр түрлі тапсырмалар орындайды.

Осылайша, топтық жұмыс барлық оқушыларды сабақта белсенді жұмыс жасуға қолайлы жағдай жасайды. Топта жұмысты ұйымдастыру кезінде әр оқушы өз пікірін айтады, ойлайды. Топтарда даулы пікірлер туындайды, әртүрлі шешімдер талқыланады. Топтық жұмыс формасы жаппай оқыту жағдайында жеке көзқарасты жүзеге асыруға, балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін анықтау үшін өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні өте маңызды.

Топтық жұмыс әдісі баланың мектептегі алғашқы күндерінен бастап енгізілген. Бұл дүниетану, математика тағы басқа пәндер болуы мүмкін.

Онда алғашқы кезеңдерде балаларға зерттелетін материалды талдау мен синтездеудің күрделі міндеттері қойылмайды. Балалар бір-бірін жақсы білмесе де, олардың қалауы бойынша 5-6 адамнан тұратын топтарға бөлу ұсынылады. Жұмысты әркім өз бетінше орындауға тапсырма беріледі, содан кейін сол жұмысты барлығы бірге орындайды. Табиғаттану сабығында «үй жануарлары» тақырыбы бойынша жұмыс жасағанда, әр бала үй жануарларын атайды, содан кейін барлық оқушылар бірге тексеріп, тізімін толықтырады.

Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында мына мәселелер қарастырылады:

- проблемалық жағдай;
- дидактикалық материалдарды тарату;
- топта жұмысты жоспарлау;
- тапсырманы жеке орындау, нәтижелерді талқылау;
- топтың жалпы тапсырмасын талқылау (ескертүлер, толықтырулар, нақтылаулар);
- топ жұмысының нәтижелері туралы хабарлама;
- топтардың жұмысы және қойылған міндеттерге қол жеткізу туралы жалпы қорытынды.

Оқушылардың топтардағы өзара әрекеттесуін әртүрлі жолдармен ұйымдастыруға болады. Мұғалім белгілі бір мақсатқа жету үшін топтық жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Белсенді әдіс ретінде «миға шабуыл» әдісін қолдану арқылы оқушыларды топқа бөліп, проблемалы сұрақтар таратады, соны топ болып шешімін іздестіреді.

«Миға шабуыл» — әр қатысушы мәселені қалай шешуге болатындығы туралы мүмкіндігінше көп идеялар айтады, содан кейін олар осы әдістердің жарамдылығын талқылайды және топпен жауап дайындайды. Жаратылыстану бағытында жүргізілетін «Дүниетану» пәнінде топтық жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын дамытуға болады. Себебі, Дүниетану интеграциялық пән ретінде, биология, география, химия, экология сияқты пәндердің негізін үйретеді. Бастауыш сынып оқушысы ғылыми ұғымдармен таныса отырып, қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. «Кластер», «Ми шабуылы» сияқты белсенді әдістерді сабақ үрдісінде топтық жұмысты ұйымдастыруда қолдануға болады. Ол, оқушылардың логикалық ойлау дағдысын дамытады.

Қазақ тілінде үй тапсырмасын тексеру барысында **«Ақиқат, жалған»** әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі. Мысалы, «Дыбыстар екіге бөлінеді,

дауысты және дауыссыз; н-дауыссыз үнді дыбыс» — деп белгілі бір тұжырымды айтқан кезде оқушылар ақиқат болса жасыл түсті қағазды, жалған болса қызыл түсті қағазды көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушыдан шапшаңдықты талап етеді. Топта оқушылар бір-бірімен жарысып, берілген тапсырманың мазмұнына сәйкес ақиқат және жалған екенін анықтайды.

Топтағы жұмыс материалдың көлемін және жұмыс тәртібін реттеуге мүмкіндік береді. Топтық жұмыс тақырыпты қайталау және бекіту кезінде қолдану тиімді. Топтық жұмыс формаларын Ана тілі, математика, табиғаттану сабақтарында қолдануға болады.

Топтық жұмыстың міндеттері:

Танымдық іс-әрекетті жетілдіру;

Өзіндік оқу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту.

Сыныптағы тұлғааралық қатынастарды жақсартуға ықпал ету.

Топтық оқыту дәстүрлі процесті ұйымдастыруға жаңалық болып табылады. Мұғалім мен оқушылардың арақатынасына маңызды ықпал етеді.

Топпен жұмыс жасауда оқытудың тиімділігі:

Топ ішінде ортақ проблеманы шешуде идея тастауы, өз пікірін дәлелдеуі, талқылауы, оқушылардың ортақ ойға келуі;

Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап, айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды;

Осындай сценарий бойынша оқушылар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды;

Оқушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады;

Балалар өз топтарын артта қалдырмау мақсатында жұмыла жұмыс жасайды және әркім жауапкершілікті сезінеді.

Топтық жұмыс түрлері сабақты қызықты, жанды етеді, балаларды оқу жұмысына саналы түрде қарауға тәрбиелейді, ақыл-ой белсенділігін арттырады, материалды бірнеше рет қайталауға мүмкіндік береді, мұғалімге бүкіл сыныптағы балалардың білімін, дағдыларын қалыптастыруға және үнемі бақылауға көмектеседі. Балаларда даму, оқыту және тәрбиелеу деңгейі артады.

Пайдаланған әдебиеттер

Ильясова Д.С., М.К.Тасбулатова., Т.А.Оспанова. Бірінші сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсыныстар. А., 2017

Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» А., 2018

Кобдикова Ж.У. Деңгейлеп саралап оқыту педагогикалық технологиясы -А., 2006.

01.03.2025 ж ж № C00071

КОКЫШОВА НАЗЫМ ЕРБОЛАТОВНА

Жетісу облысы Панфилов ауданы

«Үлкеншыған орта мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сыни ойлауды
дамытуға ықпал ететін әдіс - тәсілдер**

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері еліміздің рухани өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат-міндеттер жүктеп отыр. Қазақстан жастарының рухани кеңістігін қалыптастырудың алғы шарты мектептенбасталады. ХХІ ғасырмектебінің мақсаты жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер осы мақсатты орындауға бейімделген маман болуы шарт. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, басқа да көптеген қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, оқу-тәрбие үдерісін дұрыс ұйымдастыруына әсерін тигізеді.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі өзегі- қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу бізүшінмаңызды ісболыпотыр. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде оқушылардыжан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымымен оқу- әдістемелік мазмұнының өзгеруі- мұғалімнің, яғнибіздіңөз кәсіби шеберлігімізді шыңдауымызды, жаңартуымызды талап етіпотыр. Ел президенті Н.Назарбаев «Қазіргі заманда жастарға ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткеніндей инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жаңаша білім берудің бір шарты.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды т.б, таным әрекетерін жасайды.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмбл. Жобаның негізгі Ж.Пиже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады

«Сыни ойлау» деген не?

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады»

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтарымен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан – жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Білгі да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді, жауап тапса, қайтадан сұрақ қойып, енді соның жауабын іздестіреді, оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», « қаза береді». Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауап іздеу, жауап іздеу, жауап іздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу...

Ойлаудың осындай толассыз түрі сыни ойлау деп аталады. Мұнда ойлау тізбекті түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды: оны дәлелдеп беру керек, оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет, оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы – төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай, олар туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойынан» өткізу қажет. Ричард Польдің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек. Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрінде ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек». Демек, олар өмірдің барлық жәйттерімен көріністерін ой елегінен өткізіп, олардың өміршеңдігі, құндылығымен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастыруы керек. Сол себепті сыни ойлауды «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды. Адам баласының бес саусағы бірдей болмайтыны сияқты оқушыларда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын, кішкене болса да өзіндік ерекшелігі бар адамдар. Олардың ішінде ең үздігі де, ең төмені де, тентегі де, біліп тұрса да аузын ашпайтыны да, қанша сүйресен алға баспайтыны да болады. Бірақ ұстаз барлығын да жақсы көріп, білім нәрімен сусындатуы тиіс. Оқушыларға зерттеу жүргізгенде жоғары сынып оқушыларында нақты білім бар екендігі, бірақ олар өз ойларын жеткізуге қиналатыны анықталған екен. Сондықтан оқушылардың ойындамыту жұмыстарына көп көңіл бөліну керектігі көрінді. Осы жағдайда тиімді технологиялардың бірі - «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі.

Нәтижесінде неғұрлым дамыған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады. Бұл технологияның мақсаты сынауға емес шындалған ойлауға үйрету. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл, Куртис С.Мерелит, Чарльз Темпл. Жоба негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектене білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Дәстүрлі білім беру кезіндегі оқушыны сын тұрғысынан ойлайтын оқушымен салыстырған кезде нәтижесі жоғары болған. (2.48бет)

Сын тұрғысынан ойлау-оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін төмендегі қағидалар сақталуы тиіс:

Бұл технология бойынша сабақ үш сатыдан тұрады:

- 1.Қызығушылықты ояту.
- 2.Мағынаны тану.
- 3.Ой толғаныс.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқумен жазу” дегенді білдіреді. Үйрену процесінде бұрынғы білетінімен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақта қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды ояту ми қыртысында тітіркендіргіш арқылы жүзеге асады. Осы кезеңде қызмет ететін «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы да басқа әдістерді пайдалануға болады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты: үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйренуші енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады,

көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Мысалы: 6-сынып әдебиет пәнінен А.Байтұрсыновтың Крыловтан аударған аудармасы «Аққу,шортан, һәм шаян» мысалын өткенде қызығушылықты ояту сатысында «аққу,шортан,шаян туралы не білесіңдер?»деп сұралып, оқушылар пікірлері тыңдалады. Аққу киелі құс,шаян бұл жәндік, шортан балыққа жатады деген сияқты ойларын жұпта талқылап, жаңа білім арқылы ақпарат жинайды.

Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл оқудың екінші кезеңі «мағынаны тану». Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады. Тақырып бойынша жұмыс істейді,тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқу стратегияларының бірі-INSERT.Ол бойынша оқу тақырыбымен танысу барысында

«Ү»-білемін

«-»-білмеймін

«+»-мен үшін жаңа ақпарат

«?»-мені таңқалдырды - деген белгілерді қойып оқып отыру тапсырылады. Бұл әдіс оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету,оқығанды есте сақтау,мәнін жете түсіну күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру аталған кемшіліктерді болдырмаудыңбірден-біркепілі.

Тақырып бойынша «ой толғаныс» бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушылардың ой толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау,баға беру назардан тыс қалып жатады. Одан гөрі үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты кезеңдерге уақыт жіберіп аламыз. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында бұл сабақтағы аса қажетті мәнді-маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Толғануды тиімді етуге бағытталған «бес жолды өлең», «венн көрсетуі», «еркін жазу», «екі түрлі түсініктеме күнделігі», «ойлану стратегиясы» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақ ерекшелігіне, ауыр-жеңіліне қарай қолданылады.

«Ой толғаныс» сатысында «екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісін қолдануға болады. Оқушылар дәптерлерінің бетін ортасынан вертикаль сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында олар: Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып болған соң, жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға әзірлеп келген сұрақтарын қойып жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықтап қойылғандық. Мысалы: Бұл әдіс те алдыңғы сияқты оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға үйренеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, құдіретін түсінуге машықтанады. Сондай ақ әдіс тиімділігі сабақтан тысқары қатыспай қалатын оқушы болмайды. Оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын пікірін білдіру арқылы оқушының ойы, тілі дамиды. Үшінші кезеңде қолдануға болатын тағы бір әдіс «еркін жазу». Мұғалім сабақ бойы қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені білу керектігі тағы басқа жайлы қағаз бетіне түсіру тапсырылады. Жазуға уақыт беріледі. Уақыт аяқталғаннан соң оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез-келген сабақта қолдануға болады. Ал «торлы талқылау» әдісін сабақта былай қолдануға болады. Бұл стратегия мақсаты өз пікірін дәлелдеуге үйрету. Қ.Мырза Әлидің «Күз» өлеңімен танысықан жоқ, сұраққа жауап жазады. Маған күз мезгілі өте ұнайды. Маған күз мезгілі ұнамайды. Айналада бояудың барлық түсін көресің. Жазғы демалыс бітеді. Ағаштан үзіліп түс кен жапырақ көбелек секілді. Жиі ауарайы бұзылып, жаңбыр жауып, батпақ болады. Ойнағанда киімнің былғанса апаң ұрсады. Қаншалықты нақты дәлел келтіргендеріне назар аударылып, бағаланады. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәліл келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шындалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау-өте күрделі де маңызды құбылыс.

Қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлау теориясынан егізделген, жаңа әдіс – тәсілдерді өз сабақтарымда қолдануға тырысамын. Сабақтарым сәтті шығуы үшін, алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

бағытында, сабақтарымды әртүрлі тренингтер арқылы бастаймын, одан әрі оқушыларды түрлі әдіс – тәсілдермен шағын топтарға бөлудің өзі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынына көзім жетті. Оқушылар, әсіресе үлгерімі төмен оқушыларда топтық жұмыс кезінде сабаққа қызығушылықпен қатысып, өздеріне деген сенімділіктері орнайтынын байқап жүрмін. Топтық жұмыс барысында олар үнсіз отыруға, басқалардан қалыс қалуға болмайтынын түсініп, өз – өздерін реттей бастайды. Оқушылар жұптасып, топтасып ойланады, ой бөліседі, пікір алмасады, талқылайды.

Менің сабағымда көбіне қолданып жүрген әдіс – тәсілдерім: «Шың», «Серпілген сауал», «Венн диаграммасы», «Постермен жұмыс», «Бес жолды өлең», «Адасқан әріптер», т.б.

8 -сыныпта өткен Жамбыл Жабаевтың «Жанысақынға» тақырыбындағы сабағымда үй тапсырмасын қайталау мақсатында «Миғашабуыл» әдісін қолдандым. Бұл жерде оқушылар берілген сұрақтарға жауап беру арқылы өткен сабақты еске түсіреді. Үйге берілген тапсырма Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман - Мамыр» поэмасы болатын. «Шың» әдісі арқылы поэмадағы жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді анықтап, мінездеме берді. Жаңа сабақта оқушылар «Топтастыру», «Венн диаграммасы» арқылы Жамбыл мен Жаныс ақынды салыстырған болатын. Сонымен қатар сыныпта ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін сергіту сәттерін, шығармашылықпен жұмыс сияқты әдістерді қолдандым.

7 – сыныпта өткен «Күй – музыканың ерекше жанры» атты сабағында үйге тапсырмаға «Жұмыр, Қылыш» және «Адай» күйінің шығу тарихын жазып келу тапсырылған болатын, бірақ сыныпта үй тапсырмасын үш оқушы ғана орындап келген екен. Мен бұл тапсырманы беру арқылы сыныпта көшбасшы, дарынды балаларды анықтай алдым. Сонымен қатар 7 – сынып жоспарында диктант жазу үшін арнайы сағат берілмеген. Алайда мен он – он бес минутты арасында диктант жазуға арнаймын. Жазба жұмысын орындау барысында «Түрлі түсті жиектер» әдісін қолданамын. Оқушылар жазба жұмысын орындау барысында түрлі түсті қарындаштармен белгі салып отырады. «Қызыл – тексеріп, барлық қателерін түзетіңізші», «жасыл – барлық қателерді белгілеңізші, мен барлығын өзім түзетемін», «көк – қате санын көрсетіңізші, мен өзім тауып түзетемін», «қара – бұл жұмысқа баса назар аудармаңыз, мен оны асығыс орындадым» және т.б.

5 – сыныпта өткен Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» және «Атымтай Жомарт» әңгімесінде мен «Кейіпкерлермен кездесу» әдісін қолдандым. Шығарма кейіпкерлерімен кездесе алсаңдар тек екі сұрақ қоя аласыңдар, өздерің туралы және ол туралы. Сендер қандай қояр едіңдер? Ол қалай жауап береді деп ойлайсыңдар? Бұл әдісті 5 – сынып оқушылары тез түсініп

өздерінің сұрақтарын дайындап және кейіпкердің берер жауабын дадайындап қойған болатын. Бұл әдісте оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады деп ойлаймын.

Менің ойымша әрбір мұғалім сабақтан кейін сабақ барысында қолданған стратегия немесе әдіс – тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына, сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне ойтолғау жасап отыруы тиіс. Егер сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса, ой толғау арқылы сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады. Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруға тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады. Бұрынғы қолданатын оқу әдістерінде мұғалім басты орын алып, оқушы тек тыңдаушы ғана болса, сын тұрғысынан шындалған ойлау арқасында оқушы білім негіздерімен толығып, болашақта ойлауға құлшыныс алады. Сондықтан сын тұрғысынан ойлау – өте күрделі де маңызды құбылыс.

01.03.2025 ж ж № C00072

НИЗАМОВА ЭЛЬМИРА ТУГЛУКОВНА

Жетісу облысы Панфилов ауданы

«Үлкеншыған орта мектебі» КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғамның әлеуметтік экономикаға өтуі жеке тұлғаның шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда оның ойлау деңгейін дамыту жаңа өмірлік мәселелерді шешуді талап етеді. Осыған байланысты мектептің алдына күрделі міндет, өскелең ұрпақтың оқу процесіне ықпалын психологиялық заңдылықтарды, танымдық процестерді есепке алу арқылы жүргізілуі көзделуде.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде экономикада сілкініс жасап, өркениетпен ықпалдасуда. Әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономика елі ретінде танып отыр.

Осыған орай, қоғамдық даму деңгейінің өлшемі болып табылатын қазіргі білім беру жүйесінің мәні арта түсуде.

Орта білім берудің алғашқы сатысы – бастауыш білім беру. Білім негізі бастауышта қаланатыны белгілі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту.

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан – жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады.

Оқыту процесінде мұғалім оқу материалын байланысты қандай да бір деректерді хабарлай отырып оқушылардың логикалық - әдістемелік білімдерін қалыптастыруды жүзеге асырады.

Оқушылардың санасында белгілі бір білім қоры болмайтын болса, онда олар ойлай да алмайды. Оқушыны жеткілікті білім қорымен қаруландыру және өз бетінше ойлауға үйрету, оқушының білім алуға ынта – жігері, құмарлығы, қызығушылығы, білімдерді меңгеру, оның саналы ақыл – ой дамуының маңызды жолы болады [1, 236.].

Мектеп оқушыларының оқу-тәрбие процесінде ақыл – ой іс - әрекетін талаптарға байланысты жүйелі түрде қалыптастырып, дамытатын негізгі мекеме болса, мұғалім – оны дамытушы тұлға.

Білім берудің жаңа үлгісі жеке тұлғаның дамуына және оқытуды саралауға мүмкіндіктер туғызуға бағытталған. Жеке тұлғаның қалыптасу деңгейінің сапасына қарай қоғамдық - әлеуметтік жағдайлардың үнемі өсіп отыруына сәйкес педагогикалық құралдарды да тұрақты жаңарту қажет болды. Тиянақты қалыптасқан педагогикалық парадигма бойынша педагогикалық технология ұғымы білім мазмұнын құру, оқу – тәрбие әдістерін, оның құралдарын, түрлерін таңдауда, ең қысқа мерзімде тиімді нәтижелерге біртіндеп сатылап жету кезеңдері қамтылады. Логика ғылымның өз заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары, бар өзіндік бір ерекше дүние деуге болады. Логика – дұрыс ойлаудың заңдары туралы, жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Анықтама, жіктеп-саралау, дәлелдеме, бекерлеу, жалпылау, сияқты логикалық амалдарды әрбір адам өзінің ойлау қызметінде ұдайы қолданып отыр.

Ойлаудың негізгі принциптері мен амалдарын пайымдай білу тек логикалық ойлауды ғана емес, сондай-ақ басқа да ойлау дағдыларын дамытып, жетілдіруге көмектеседі. Ойлау – құпиясы мол дүниені әр қырынан тануға, мәселені тереңнен түсінуге мүмкіндік беретін аса күрделі жан қуаты. Сөйлеумен тығыз байланысқан ойлау ми қызметінің нәтижесі. Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мәнісіне түсіне білуден жақсы байқалады. Ақыл – ойлау процесіндегі ұғымдылық пен тапқырлыққа байланысты қасиет. Ойлану үшін білім керек. Бірақ білім бардың бәрі бірдей ақылды боп келе бермейді. Ақылдылық білімді тәжірибе жүзінде дұрыс пайдалана, қорыта білумен байланысты [2, 81 б.].

Халық ұғымында ақылдылық – ерен еңбектің жемісі. Ақылды болу үшін көп үйреніп, көп оқып, оны миға тоқып, көп білу қажет. Білім мен ақыл – егіз, ақылдылық қымбат қасиет, оны ерекше қадір тұтқан абзал. Ақылдың жақсы қасиетінің бірі – оның ұшқырлығы. Бұл мәселені тез шеше алу, ойға сергектік, белсенділік әкеледі.

Адамның ойы әрқашан да сөз арқылы білдіріледі. Біреу екінші біреуге пікірін білдіргенде, өзін естісін деп дауыстап сөйлейді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеуді бірдей деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы болса, ал сөз ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал болып табылады.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені 1-сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды.

Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Ойлау адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Адам ойлауының мазмұнын билейтін – объектив шындық. Адамға мақсат қойып, оған жетуге ұмтылдыратын – оның қажеттіліктері.

Ойлау - өзіндік ішкі қарама-қайшылықтарға толы процесс. Бұл қайшылықтар ойлау дамуының және асуының қозғаушы күштері болып табылады, яғни ойлау осы қарама-қайшылықтарды, басқаша айтқанда, проблемалық жағдаяттарды шешу барысында өрбиді [3, 85б.].

Ойлау танымдық теориялық іс-әрекет ретінде әрекетпен тығыз байланысты. Адам әсер ету арқылы ақиқатты таниды, дүниені өзгерту арқылы оны түсінеді. Әрекет ойлаудың жүзеге асуының бірініші ретті формасы болып табылады. Ойлау операцияларының барлығы (анализ, синтез және т.б) ең алғашында практикалық операциялар түрінде пайда болып, содан соң барып теориялық ойлаудың операцияларына айналды. Яғни ойлау еңбек іс-әрекеті барысында практикалық операция ретінде немесе практикалық іс-әрекеттің бір компоненті ретінде туындап, содан кейін барып дербес теориялық іс-әрекетке айналады. Бірақ тәжірибе әрқашан да ойлау ақиқаттығының негізі, мәнді критеріі болып табылады [4, 54б.].

Психологиялық – педагогикалық әдебиеттерге талдау оқытудағы ойлау қызметінің тәсілдері, ғылыми танудың әдіс-амалдары мен логикалық әдістер ұғымдарының мазмұны, көлемі туралы бір мәнді пікірдің қалыптаспағанын көрсетеді. Анализ және синтез, абстракциялау мен жалпылау, салыстыру т.б. ойлау операциялары немесе ақыл – ой қызметінің тәсілдері түрінде көрініс табатын болса, екінші жағынан олар ғылыми танымының әдістері мен амалдары, логикалық білімдер құрамына да енеді.

Ойлауды дамытудың жоғарғы кезеңдерінде – оның логикалық формаларында – ақыл-ой әрекеттері іштей сөйлеу тұрғысынан жүзеге асырылады, түрлі таңбалар жүйелері пайдаланылады.

Математика сабағында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту оқу материалының мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп практикасында математикалық есептермен жұмыс істеу процесінде негізінен оны шешу жолдары көзделеді, шешуді іздестіру оқушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінетін жағдайлар да кездеседі [5, 12б.].

1 - 4 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда мазмұнды есептермен жұмыс істеудің жалпы тәсілдерін үйрету негізгі орын алады.

Ойлау мен ауызекі және жазбаша тілдің арасындағы айырмашылық келесі төрт параметрлерде көрініп тұрады – ситуативтілік, лексикалық жан-жақтылық, ақиқаттың сапалы белгілерін бейнелеуі, ақиқаттың белсенді жағын бейнелеуі. Сондықтан, оқушылардың ауызекі және жазбаша тілдерін салыстыру осы параметрлермен жүріп жатады. Берілген параметрлердің мазмұндарын қысқаша түсінік берейік.

Ситуативті – жеткізілетін ойдың бөлек элементтері қарым-қатынасқа түсетін адамдарға белгілі болғандықтан, айтыла бермеуімен көрінетін ауызекі тілдің ерекше сапасы. Ситуативті статусына тілдің сол қарым-қатынасқа түсу жағдайымен анықталатын мағынасын және паралингвистикалық әдістермен нақтыланатын тіл элементтері де ие болды: ымдаумен, қол былғалаумен, дауыс ырғағымен т.б.

Бастауыш сынып оқушысының ойлау процесін дамытуда ойын әрекетінің зор рөл атқаратын интеллектуалдық дағдыларының маңызы ерекше. Біздің, әсіресе ойын түрлерінің, соның ішінде ұлттық ойындардың дамыту- тәрбиелеу мүмкіндіктері мол екеніне көзіміз жетіп отыр. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп кеткен. Солардың бірі - ұлттық ойындар. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойнай білген бала сол халықтың мінез құлқынан, ой санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады.

Оқытылатын әр сабақ оқушы ойын тебіреніп, талаптандырып ізденушілік қаблеттерін дамытуы тиіс. Сонда ғана мұғалім сапалы нәтижеге қол жеткізеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, оқу процесі оқушының ойлау қабілеті сана-сезімінің даму процесі бір-бірімен тығыз бірлікте жүреді. Оқушы бойындағы қабылдау, есте сақтау, ойлау т. б. сенімді психикалық қасиеттер сабақ оқу арқылы кеңейіп, дамып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алдамұратов Ә. Ж. Жалпы психология. – А: Білім, 1996
2. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері.- А, 2002.
3. Сейталиев Қ. Жалпы психология: Оқу құралы. – А.: Білім, 2007.-360 б.
4. Жақыпов С.М., Бизақова Ф. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар (оқу құралы). – Т.: Қорғау Тараз 2005, 2007. -260 б.
5. Стыбаева А.Ш. Первичная психологическая адаптация детей 6-7 лет к условиям школы.-Т.: Тараз университеті, 2003

01.03.2025 ж ж № C00073

КАЛДЫБАЕВА АСИЯ САПАРБАЕВНА
Алматы облысы Іле ауданы Екпінді ауылы
«№2 орта мектеп» МКМ
Бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалім мен оқушы арасындағы
тиімді қарым-қатынастың маңызы

Еліміздің ертеңгі тірегі болатын бүгінгі мектеп оқушыларымен, ата-аналарымен қатар өмірді танып білуге, өсіп, жан-жақты дамытып, білім шыңына жетелейтін мұғалім арасындағы ынтымақтастықтың тиімді, нәтижелі болуы әрбір мұғалімді, ата-ананы толғандырар мәселе.

Педагогика ғылымында ынтымақтастық ұғымы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың формасы ретінде қарастырылады. Жаңашыл педагогтар ынтымақтастықты педагогикалық үрдістегі оқу мен тәрбиенің маңызды категориясы ретінде қарастырылады. Олар ынтымақтастық, гуманизм, сыйластық, түсіну, адамгершілік, сенім, шыдам, қолдау, қарым-қатынас, мұғалімнің қол ұшын беруі, ұжымда жұмыс жасау, серіктестік баланы оқыту және тәрбиелеу кезеңіндегі аса қажетті қасиеттер деп санайды. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастыққа тамаша нәтижелерге жеткізеді.

Өмір жолында мектеп табылдырығын аттап, білім жолының алғаш қадамын басқан бала ең бірініші алдынан мұғалімді кезектіреді. Бұл мұғалімнің қандай болары әр ата-ананы да ойландыраы анық. Өйткені баланың мектеп, оқу, білім жайындағы Білім нәрімен сусындандыру кезінде мұғалім өзінің көздеген мақсаттарына жету үшін оқушылар мен түсінікте болып, мейрімді қарым-қатынас құра білуі тиіс. Оқушы жанын түсініп, көмек көрсеткен жағдайдағана оқушы жанында өзін-өзі бағалау сезімі туындайды. Мұғаліммен оқушы ғасырлар бойына қосарлана келе жатқан ажыратылмас ұғым. Бірлескен жұмыста мұғалім баланың өз-өзіне сенімділігіне, көзқарасына шыпайта алуына, сабаққа деген ынтасынып жандануына, білім жолындағы жетістіктерге жету ұмтылысына, өз мүмкіндіктерін тани отырып, оны жүзеге асыруға қол жеткізеді.

Мұғалім мен оқушының бірлескен жұмысында нәтижелі жетістіктерге жетудегі мұғалім бойындағы бірнеше қасиеттерді атап көрсеткім келіп тұр.

1. Баланың жан дүниесін түсіну.

В.А.Сухомлинскийдің «Тандаулы педагогикалық шығармалар» атты еңбегінде «Баланың рухани өміріне тереңдей қарай алмаған адам нағыз тәрбиелеуші бола

алмайды» деген. Шынында да, әр бала қоршаған ортасын тани бастағаннан, оның отбасындағы, қатарластары арасындағы қарым-қатынастан оның жандүниесінде өзіндік бір қасиеттер қалыптасады. Қазақ халқымыз да ертеден қанатты сөздердің көмегімен баланың рухани дүниесіне, адамгершілік сезіміне, ерекше көңіл бөлген. Мұғалімнің әрдайым жақсы сөздермен баланы қуантуы, көңілін көтеруі, сезімін оятуы оның іске деген белсенділігін арттырады.

2. Оқушының қызығушылығын, қандай да бір іске икемділігін, бейімділігін бақылау.

Бұл орайда мен В.А.Сухомлинскийдің «Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын, қабілетін, бейімін білмей оны тәрбиелеуге болмайды» деген сөзіне сүйенемін. Оқушының бейімділігіне сай бағытын таңдауына мүмкіндік берілсе, оқушының ойлау, өз дегенін қорғай білу, өз ойын жеткізе білу қабілеттілігі қалыптасып дамиды. Мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық арқылы оқушының еркін сөйлеу дағдысы қалыптасады.

3. Оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықтың негізі әрине қарым-қатынасы. Әр мұғалім жеке тұлға ретінде оқушылармен жұмысын көздеген мақсатына жету үшін өзінің жеке қасиеттеріне, біліміне және жинақтаған тәжірибесіне сай ұйымдастырады. Мұғалімнің оқушылар мен қарым-қатынасының ең басты құралы сөз болып табылады. Сөз мәнерін шебер ұйымдастыруы арқылы мұғалім балалар сеніміне ие болады. Оқушының жасырып жүрген сырын немесе жан дүниесіндегі пікірін бөлісе білгенде, мұқият тыңдап, кеңес бере отырып, баланың жүрегіне жол таба алады. Оқушы мен мұғалім арасындағы ашық әңгіме өзара түсіністікке әкеледі. Баланың көңілін таба білу оның сенімін туғызады. Мұғалім баланың жас ерекшелігін, мінез-құлқын ішкі сезімін ескере отырып, балалар мен олардың өз тілінде сөйлесуі керек.

4. Оқушыларға қиыншылық туындаған кезде көмек көрсете отырып, олармен сырлас, дос болу керек. Оқушы оқуда да, достары арасындағы қиыншылықтарға кезігеді. Осы жағдайда оқушы үшін мұғалім көмегінің маңызы зор.

5. Баланың жетістігі үшін қолдау жасау, мадақтау. Оқушының белгілі бір жасаған жетістіктері үшін оны сыныптастары алдында мадақтаса, оны басқаларға үлгі тұтса, оқушы бойында өз күшіне сену сезімі туады.

М.Жұмабаевтың «Баланы өзі күшіне сендіріп үйрету керек» дегеніндей, баланың болашағына сенім артып, өз күшіне сендіру онын келесі басар қадамдарын батылырақ басуына түрткі болар еді.

Баланың сабаққа деген құлшынысын, ой-пікірлерін, ұсыныстарын қолдау арқылы жүзеге асыруға болады.

6. Ұстаз мәдениеті. Мұғалім оқушы алдында өзін-өзі ұстауға, ашуын оқушыдан алмауға, сөйлеу мәнері мен ұғымдарды түсінікті етіп жеткізуге, оқушы құқығына қол сұқпауға міндетті. Мұғалім неғұрлым оқушы алдында өзінің беделін көрсете білсе, ол жайында оқушы санасында жақсы пікір қалыптасады.

Аталмыш қасиеттерді өзінің кәсіби өмірінде қолдана білген мұғалімнің өз шәкірттерінің биік шыңдардан көрініп, еліміздің беделді азаматтары болуына зор ықпалы тиері анық. Оқушылармен ынтымақтаса жұмыс жасау барысында, мұғалім мұнымен қатар бала тәрбиесінде орны бар мүшелермен де бірлесе жұмыс жасауы тиіс.

Біріншіден баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсер ата-аналарымен бірлесе отырып, жұмыс жасау. Әрбір ата-ана өз баласы үшін қымбат адам. Баласының басты тәрбиешісі болғандықтан да ата-ана баласының мінез-құлқын, оның қабілеттерін, қызығушылықтарын білуге міндетті. Сондықтан да тәрбие үрдісінде мұғалім оқушы ата-анасымен серіктес болуы тиіс. Мұғалім мен ата-ана арасындағы бірлесіп жұмыс жасау жеке тұлғаның дамуындағы ең маңызды қадам болып табылады. Жазушы С.Л.Соловейчик баланың тәрбиесінде ересектердің үлгі болуы, мұғалімдер және ата-аналар ынтымақтасуы маңызды рөл атқарады деген пікірде.

Екіншіден, өзіне қатысты сыныпта оқу-тәбие жұмысын пен мұғалімдері, ата-ана, басқа да тәрбие үрдісінде ықпалы бар тұлғалармен біріге жұмыс жасай отырып, сынып ұжымын ұйымдастыратын сынып жетекшісімен бірлесе жұмыс жасау.

Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог оқушылармен іштей сырын бөлісе отырып, оларды сырттай бақылай отырып, олардың қызығушылықтарын зерттей отырып, анықтайтын мамандар болғандықтан да, мұғалімдердің бұл мамандармен кеңесуі олардың жұмыстарын едәуір жеңілдетеді.

Оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен ынтымақтаса жұмыс жасауда мұғалім алдына қойған мақсаттарын ойдағыдай іске асырып, өзінің кәсіби жұмысының жемісіне жете біледі. Қазақ халқының тұңғыш педагогы Ы.Алтынсарин «Мен үшін - мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», деген мектеп беделін көтеріп, шәкірттерін болашағымыздың азаматы етіп тәрбиелейтін, өмір жолында өз бағытын тандауға жол көрсететін - мұғалім. Сондықтан да бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби шеберлігінің мәні зор.

МАЗМҰНЫ

- БАЙЖУМАНОВА САМАЛ МАМЫТКАНОВНА
- НАУРЫЗБАЕВА ЗАМИРА МАРАТҚЫЗЫ
- ТҰРБЕК ЗАКИРА БЕРДІБЕКҚЫЗЫ
- ОСПАНОВА НАЗИГУЛЬ АБДИМУКАЕВНА
- КОКЫШОВА НАЗЫМ ЕРБОЛАТОВНА
- НИЗАМОВА ЭЛЬМИРА ТУГЛУКОВНА
- КАЛДЫБАЕВА АСИЯ САПАРБАЕВНА